Су ағынын адамдарға, жануарларға, электр жабдықтарына немесе аппараттың өзіне бағыттауға тыйым салынады.


Жаңбыр кезінде немесе атмосфералық жауын-шашын кезінде аппаратты пайдалануға тыйым салынады.


Аппаратты балалардың және тиісті дайындығы жоқ адамдардың пайдалануына жол беруге тыйым салынады.


Айырды және/немесе электр розеткасын дымқыл қолмен ұстауға тыйым салынады.


Жоғары қысымды пистолеттің иінтірегін (шүріппесін) басылған күйде бекітуге тыйым салынады.


Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көзделмеген жағдайда аппараттың баптауларын және қауіпсіздік клапанының реттеу параметрлерін өздігінен өзгертуге тыйым салынады.


Бүріккіш саптаманың калибрленген тесігінің (орифисінің) диаметрін өзгертуге тыйым салынады.



Жұмыс істеп тұрған аппаратты қараусыз қалдыруға тыйым салынады.



Аппаратты электр сымынан тартып жылжытуға тыйым салынады.

Міндетті талаптар



Барлық электрлік қосылыстар су ағынының түсуінен қорғалуы тиіс.



Аппарат тек бұйым талаптарына сәйкес келетін электр қуат көзіне және номиналды ағып кету тогы 30 мА болатын қорғаныстық ажырату құрылғысымен (ҚАҚ, УЗО) жабдықталған электр желісіне қосылуы тиіс.



Аппаратпен жұмыс істеген кезде қорғаныс киімі мен қорғаныс көзілдірігін **МІНДЕТТІ ТҮРДЕ** пайдаланыңыз..



Аппаратқа кез келген техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізер алдында айырды электр желісінен **АЖЫРАТЫҢЫЗ.**



Шүріппені баспас бұрын жоғары қысымды пистолетті екі қолмен мықтап ұстаңыз.



Аппаратқа техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары тек уәкілетті сервистік орталықта орындалуы тиіс.



Жоғары қысымды шлангты ажыратар алдында жүйедегі **ҚЫСЫМДЫ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ТҮСІРІҢІЗ.**



Аппаратты әр пайдаланар алдында барлық бұрандалы қосылыстардың сенімді тартылғанын, сондай-ақ зақымдалған немесе тозған бөлшектердің жоқ екенін көзбен тексеріңіз.





Тек қорғаныс жабындарына коррозиялық әсер етпейтін және жоғары қысымды шлангты, сорғыны және электр кабелін зақымдамайтын жуғыш құралдарды пайдаланыңыз. АҒАРТҚЫШТАРДЫ, спиртті, бензинді, тұз қышқылын және басқа еріткіштерді **ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ,** себебі олар аппаратты зақымдауы мүмкін.



ҚАУІПТІ! Жоғары қысымды су ағыны адамның немесе жануардың терісіне еніп, ауыр жарақаттар мен басқа да ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Қысыммен сұйықтықтың теріге енуінен жарақат алған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгініңіз!

САҚ БОЛЫҢЫЗ!
- Тек өндіруші ұсынған және аппараттың алюминий мен жез бөлшектерімен үйлесімді химиялық жуғыш құралдарды пайдаланыңыз.
- Аппарат қоршаған ортаның оң температурасы жағдайында пайдалануға арналған. Қоршаған орта температурасы 0 °C және одан төмен болған жағдайда аппаратты пайдалануға жол берілмейді.

Кіріспе

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты пайдалану мерзімі бойы қолжетімді жерде сақтаңыз, қажет болған жағдайда кез келген уақытта оған жүгіне алуыңыз үшін.

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулық аппараттың ажырамас бөлігі болып табылады және аппарат сатылған немесе басқа иесіне берілген жағдайда онымен бірге тапсырылуы тиіс.

Сіздің және айналаңыздағы адамдардың қауіпсіздігі өте маңызды. Осы нұсқаулықта және аппаратта қауіпсіздік техникасына қатысты маңызды ескертулер берілген. Оларды мұқият оқып шығып, барлық талаптарды қатаң сақтаңыз.

Егер пайдалану барысында ақаулар пайда болса немесе аппараттың жұмысына қатысты сұрақтар туындаса, уәкілетті сервистік орталыққа немесе жабдықты сатқан ұйымға хабарласыңыз.

Өнім құрастырылғаннан кейін зауытта сынақтан өткізіледі. Осыған байланысты аппараттың ішінде аз мөлшерде су қалдықтары болуы мүмкін. Бұл өнімнің бұрын пайдаланылғанын білдірмейді.

Өнімнің сипаттамасы

Жоғары қысымды жуу аппараты автокөлік құралдарын, фургондарды, үй маңындағы аумақтарды, жолдар мен соқпақтарды, плиткаларды, ағаш бұйымдарын, кірпіш қалау бетін, бақша жиһазын, бақша құралдарын және басқа да беттерді таза сумен тазалауға арналған.

Аппарат жоғары қысымды сорғымен жабдықталған. Ол ұсынылатын жұмыс қысымы 3,5 барға дейінгі орталықтандырылған су құбыры жүйесінен де, таза су құйылған автономды резервуарлардан да жұмыс істей алады. Автономды резервуардан су алған кезде резервуарды су сорғыға өздігінен ағатындай етіп орналастыру ұсынылады. Егер бұл мүмкін болмаса, сору желісі алдын ала сумен толтырылған жағдайда, 0,5 м-ден аспайтын тереңдіктен өздігінен сору режимінде жұмыс істеуге рұқсат етіледі. Аппараттың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін көлемі жеткілікті резервуарды пайдалану ұсынылады.

Аппарат айнымалы ток желісінен жұмыс істеуге арналған. Қажетті электрмен қоректендіру параметрлері осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «Техникалық сипаттамалар» бөлімінде, сондай-ақ аппараттың зауыттық тақтайшасында көрсетілген.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жууды бастамас бұрын тазаланатын беттің жеткілікті берік екеніне және жоғары қысымды су ағынының әсеріне төтеп бере алатынына көз жеткізіңіз

Өнім техникалық күрделі тауарлар санатына жатады және тек тұрмыстық пайдалануға арналған. Аппаратты коммерциялық пайда табу мақсатында немесе кәсіби қызмет көрсету кезінде пайдалану тек нақты модельдің тағайындалуында тікелей көзделген жағдайда ғана рұқсат етіледі.

Өндіруші кәсіпорын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулық талаптарының бұзылуы, аппаратты мақсатына сай пайдаланбау, техникалық қызмет көрсету қағидаларын сақтамау немесе пайдалану шарттарының өзге де бұзылуы салдарынан туындаған аппараттың зақымдануына жауапты болмайды. Мұндай жағдайларда барлық жауапкершілік пайдаланушыға жүктеледі.

Суды пайдалану

Аппарат тек таза сумен жұмыс істеуге арналған. Ластанған суды, теңіз суын, ағынды суларды, сондай-ақ құрамында абразивті бөлшектер, еріткіштер, қышқылдар, сілтілер және басқа да агрессивті заттар бар сұйықтықтарды пайдалануға тыйым салынады

Техникалық сипаттамалар

Сипаттамалар	**CPW** 200-10 Max	**HPW** 220-12
Макс. қысым, бар	200	220
Ном. қысым, бар	130	140
Макс. өнімділігі, л/мин	10	12
Ном. өнімділігі, л/мин	8	11
Кірістегі макс. қысым, бар	10	
Сұйықтық температурасы, °C	50	
Қуаты, кВт	2.5	3.1
Электрқозғалтқыштың түрі	индукциялық	

Сипаттамалар	**CPW** 200-10 Max	**HPW** 220-12
Айналу жылдамдығы, айн/мин	2850	
Электр желісі	220–240 В~, 50 Гц	
Ток күші, А	11.0	12.5
Қорғаныс дәрежесі	IPX5	
Оқшаулау класы	F	
Жұмыс режимі	S3	
Қуат сымының ұзындығы, м	5.0	
Жоғары қысымды шлангтың ұзындығы, м	10	12
Сорғының құрылымы	Осьтік	
Сорғы басының материалы	Алюминий	
Макс. сору биіктігі, м	0.5	
Картердің көлемі, мл	70	100
Ұсынылатын май*	80W90*	
Аппараттың габариттері, см	42x35x91	40x33x55
Салмағы, кг	23.3	30.7

* Сипаттамалары бойынша баламалы SAE 80W90 трансмиссиялық майын пайдалануға рұқсат етіледі.

Жиынтықталуы


	CPW 200-10 Max	**HPW** 220-12
Жоғары қысымды жуу аппараты	+	+
Телескопиялық тұтқа	+	+
Жоғары қысымды шлангқа арналған барабан	+	+
Жоғары қысымды пистолет	+	+
Саптамалар жиынтығы (0°; 25°; 40°; Химия)	+	+
Лас кетіруге арналған айналмалы саптама	+	+

	CPW 200-10 Max	**HPW** 220-12
Көбік генераторы	+	+
Сүзгісі бар сору шлангі	-	-
Су кіріс сүзгісі	+	+
Жуғыш затқа арналған кіріктіріл-ген бак	+	-

Өндіруші алдын ала хабарламай-ақ өнімнің жиынтықталуына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Жиынтықталу туралы өзекті ақпарат өнімнің қаптамасында немесе өндірушінің ресми сайтында көрсетіледі.

Аппараттың құрылысы

CPW 200-10 Max




1 сур.

1. Телескопиялық тұтқа
2. Жоғары қысымды шлангқа арналған катушка
3. Катушканың тұтқасы
4. Қуат қосқышы

5. Жоғары қысымды пистолет
6. Су беру шлангісін қосуға арналған штуцер
7. Желілік кабель ұстағышы
8. Тасымалдау дөңгелектері

HPW 220-12



2 сур.

1. Жоғары қысымды пистолет
2. Ауыстырмалы саптамалар жиынтығы
3. Қуат қосқышы
4. Лас кетіруге арналған айналмалы саптама
5. Желілік кабель ұстағышы
6. Көбік генераторы
7. Жоғары қысымды шлангқа арналған катушка
8. Телескопиялық тұтқа
9. Тасымалдау дөңгелектері
10. Су беру шлангісін қосуға арналған штуцер

Жұмысқа дайындау

Пайдалануды бастамас бұрын өнімнің жиынтықталуын қаптамада немесе осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген тізімге сәйкес міндетті түрде тексеріңіз. Жеткізу жиынтығының толық екеніне және оның барлық бөлшектерінде көзге көрінетін зақымдардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Егер қандай да бір жиынтықтаушы бөлшектер жетіспесе немесе зақымданған болса, жабдықты сатушыға дереу хабарласыңыз.

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты және басқа да ілеспе құжаттарды өнімді пайдалану мерзімі бойы сақтаңыз.

Тазалау қарқындылығын реттеу

Сорғының жұмыс қысымы зауытта алдын ала реттелген және пайдаланушы тарапынан реттеуді қажет етпейді. Су ағынының әсерін азайту қажет болған жағдайда төмендегі тәсілдердің бірін пайдаланыңыз.

1. Тазаланатын бетке дейінгі қашықтықты ұлғайтыңыз.

Саптама беттен неғұрлым алыс орналасса, судың әсер ету қысымы соғұрлым төмен болады.

2. Бүрку бұрышы үлкенірек саптаманы пайдаланыңыз.

Бүрку бұрышы неғұрлым кең болса, судың әсері соғұрлым бәсең болады және өңдеу аумағы ұлғаяды.

ҚАУІПТІ! Жоғары қысымды су ағыны ағашты, әйнекті, автомобильдің лак-бояу жабындысын, сәндік молдингтер мен әрлеу элементтерін, сондай-ақ гүлдер мен бұталар сияқты сынғыш заттарды зақымдауы мүмкін. Жууды бастамас бұрын тазаланатын беттің жеткілікті берік екеніне және жоғары қысымды су ағынының әсеріне төтеп бере алатынына көз жеткізіңіз

Бүріккіш саптамалар

ALTECO жоғары қысымды жуу аппараты әртүрлі бүрку бұрышы бар төрт жылдам ажыратылатын бүріккіш саптамамен жабдықталған. Саптаманы таңдау орындалатын жұмыс түріне және тазаланатын беттің түріне байланысты.

0° саптама (қызыл)

Ең жоғары әсер ету қарқындылығы бар жіңішке шоғырланған су ағынын қалыптастырады.

Металл, бетон және тас сияқты берік беттердегі қатты ластануды кетіруге арналған.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бұл саптаманы ағашты, лак-бояу жабындарын, пластик бөлшектерді, резеңкені және жоғары қысымға сезімтал басқа беттерді тазалау үшін пайдаланбаңыз

25° саптама (жасыл)

25° бұрышпен желпуіш тәрізді су ағынын қалыптастырады.

Берік беттерді қарқынды тазалауға және көптеген ластануларды кетіруге арналған. Жолдарды, ғимарат қасбеттерін, бетон жабындарын, металл конструкцияларды және басқа техниканы тазалауға жарамды.

40° саптама (ақ)


40° бұрышпен кең желпуіш тәрізді су ағынын қалыптастырады.

Үлкен аумақтарды және жоғары қысымның әсеріне сезімтал беттерді тазалауға арналған. Автомобильдерді, бақша жиһазын, қаптау материалдарын және басқа да боялған беттерді жуу үшін ұсынылады.

Жуғыш құралға арналған саптама (қара)

Жуғыш құралдар мен химиялық құрамдарды жағу үшін пайдаланылады.

Осы саптаманы пайдаланған кезде аппарат төмен қысым режимінде жұмыс істейді және химиялық құрал беру жүйесі арқылы жуғыш құралды сорып алады.



3 сур.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жуғыш құрал тек химиялық саптаманы (төмен қысым режимін) пайдаланған кезде ғана беріледі

Жуғыш заттар мен құрамдарды пайдалану

Жуғыш концентраттарды қолданар алдында оларға қоса берілген пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Жуғыш концентратты жуғыш зат өндірушісі көрсеткен арақатынаста таза сумен сұйылтыңыз. Жұмыс ерітіндісін дайындау үшін таза суды пайдалану ұсынылады. Қатты суды пайдаланған кезде кейбір жуғыш заттардың тиімділігі төмендеуі мүмкін.

Жұмыс тәртібі

1. Дайындалған жуғыш затты жеткізу жиынтығына кіретін көбік түзгішке құйып, оны пистолетке жалғаңыз.

2. Жуғыш заттың берілу қарқындылығы көбік түзгіштің жоғарғы реттегішін бұру арқылы реттеледі.
3. Тек сұйылтылған жуғыш зат концентратын пайдаланыңыз, себебі қою концентрат жуғыш затты беру келтеқұбырларын бітеп қалуы мүмкін. Бұл кепілдік жағдайына жатпайды.
4. Кіріктірілген багы бар модельдер үшін қара түсті ауыстырмалы саптама-соплоны пайдаланыңыз.
5. Жуғыш затты жағу үшін пистолеттің шүріппесін басыңыз. Химиялық затты кіріктірілген беру жүйесін пайдаланған кезде жуғыш заттың су ерітіндісі түзіледі. Қою көбік алу үшін жеткізу жиынтығына кіретін немесе бөлек сатып алынатын көбік түзгішті пайдаланыңыз (жинақталуына байланысты).

Жуғыш затты жаққаннан кейін бетті жуғыш зат өндірушісінің ұсынымдарына сәйкес тазалаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
- Жуғыш құрал тек төмен қысым режимінде беріледі.
- Тек жоғары қысымды жуу аппараттарына арналған жуғыш құралдарды пайдаланыңыз.
- Егер жуғыш құралдың тұтқырлығы жоғары болып, аппарат оны сорып алмаса, қажетті қоюлыққа дейін сумен сұйылтыңыз

Іске қосу тәртібі

Жұмысты бастар алдындағы тексеру

Аппаратты іске қоспас бұрын келесі тексерулерді орындаңыз:

- Барлық қосылыстардың, гайкалардың және болттардың мықтап тартылғанына көз жеткізіңіз.
- Электр желісінің және су беру көзінің параметрлері аппарат талаптарына сәйкес келетінін тексеріңіз.
- Әр пайдаланар алдында су кірісіндегі сүзгінің күйін тексеріңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Таза кіріс сүзгісі аппараттың тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді және сорғының қызмет ету мерзімін ұзартады. Сүзгінің бітелмегенін үнемі тексеріп отырыңыз

Су көзін қосу

Су беру көзін аппараттың кіріс патрубогына жылдам ажыратылатын адаптер мен арматураланған су шлангы арқылы қосыңыз. Арматураланған су шлангы және жылдам ажыратылатын адаптерлер жеткізу жиынтығына кірмейді.

Кірістегі судың температурасы 50 °C-тан аспауы тиіс.

Жоғары қысымды шлангты қосу

Жоғары қысымды шлангтың жылдам ажыратылатын штуцерін аппараттың шығыс патрубогына толық бекітілгенше енгізіңіз. Жоғары қысымды шлангтың екінші ұшын жоғары қысымды пистолеттің кіріс штуцеріне мықтап бекітіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Пайдалану кезінде жоғары қысымды шланг толықтай жазылған (катушкадан толық шешілген) болуы тиіс. Шлангтың бұралып немесе қатты бүктелуіне жол бермеңіз

Электр желісіне қосу

1. Электр желісінің кернеуі аппараттың зауыттық тақтайшасында көрсетілген мәнге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
2. Қолданыстағы талаптарға сәйкес келетін және қорғаныш жерге тұйықтауы бар розетканы пайдаланыңыз.
3. Электр желісі іске қосылу тогы 30 мА-ден аспайтын қорғаныстық ажырату құрылғысымен (ҚАҚ, УЗО) қорғалуы тиіс.
4. Аппарат жұмыс істеп тұрған кезде осы розеткаға басқа электр құрылғыларын қоспаңыз.
5. Айырды электр желісіне қоспас бұрын аппараттың қосқышы «ӨШІРУЛІ» (OFF) күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.


Жабдықты іске қосу

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аппаратты қоспас бұрын жүйедегі қалдық қысымды түсіру үшін жоғары қысымды пистолеттің шүріппесін басып ұстап тұрыңыз

1. Аппаратты су көзіне қосыңыз, су беруді ашыңыз және судың ағуы жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
2. Жоғары қысымды пистолеттің шүріппесін су ауа көпіршіктерінсіз біркелкі ағынмен аққанша басып ұстап тұрыңыз.
3. Аппараттың корпусында орналасқан қуат түймесін басу арқылы аппаратты қосыңыз.
4. Жұмысты бастау үшін жоғары қысымды пистолеттің шүріппесін басыңыз.

Жүйеден ауа толық шығарылғаннан кейін қажетті жұмыс қысымын орнатыңыз.

Аппарат пайдалануға дайын



4 сур.

Жуу кезінде номиналды жұмыс қысымынан аспау ұсынылады. Қажет болған жағдайда қысымды ең жоғары мәнге дейін реттеуге болады, алайда қысымды реттеу тек су бүрку кезінде (пистолет ашық тұрған кезде) жүргізілуі тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
- Жұмыс кезінде электр қуаты өшіп қалған жағдайда аппараттың қосқышын дереу «ӨШІРУЛІ» (OFF) күйіне ауыстырыңыз. Электрмен қоректендіру қалпына келгеннен кейін аппаратты жұмысқа дайындығын тексергеннен кейін ғана қайта қосыңыз.
- Егер су ағынының әсер ету аймағында адамдар немесе жануарлар болса, аппаратты пайдаланбаңыз.

Аппараттың электр қозғалтқышы айнымалы-қысқа мерзімді жұмыс режиміне (S3) есептелген және ұзақ уақыт бойы үздіксіз пайдалануға арналмаған. Әрбір 5–10 минут үздіксіз жұмыстан кейін электр қозғалтқышын салқындату үшін үзіліс жасау ұсынылады. Ұзақ уақыт бойы үздіксіз жұмыс істеу электр қозғалтқышының қызып кетуіне, аппарат тораптарының жедел тозуына әкеледі және оның мерзімінен бұрын істен шығуына себеп болуы мүмкін.

Барынша тиімді тазалауды қамтамасыз ету үшін бүріккіш саптама мен тазаланатын бет арасындағы қашықтықты материалға және ластану дәрежесіне қарай таңдаңыз. Саптама мен тазаланатын бет арасындағы қашықтықтың шамадан тыс ұлғаюы тазалау тиімділігін төмендетеді.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Сорғы жағынан су ағуы байқалған жағдайда аппаратты пайдалануды дереу тоқтатып, диагностика және жөндеу жүргізу үшін сервистік орталыққа жүгініңіз

Аппарат «TOTAL STOP» жүйесімен жабдықталған, ол жоғары қысымды пистолеттің шүріппесі жіберілген кезде электр қозғалтқышын автоматты түрде өшіреді. Шүріппе қайта басылғаннан кейін электр қозғалтқышы автоматты түрде іске қосылады. Аппараттың құрылымына және жоғары қысымды шлангінің ұзындығына байланысты өшіру кезінде аздаған кідіріске жол беріледі.

Аппаратты тоқтату

1. Жууды аяқтағаннан кейін 2 (екі) минуттан кешіктірмей аппараттың корпусында орналасқан қуат түймесін басу арқылы аппаратты өшіріңіз.
2. Су беруді тоқтатып, аппаратты су көзінен ажыратыңыз.
3. Жүйедегі қалдық қысымды түсіру және жоғары қысымды шлангтағы судың қалдықтарын шығару үшін жоғары қысымды пистолеттің шүріппесін бірнеше секунд бойы басып ұстап тұрыңыз.
4. Қажет болған жағдайда аппаратты электр желісінен ажыратыңыз.

Жуғыш құралды пайдаланғаннан кейін



5 сур.

1. Көбік түзгішті немесе кіріктірілген бакты таза сумен толтырыңыз немесе сору шлангын таза су құйылған ыдысқа салыңыз.
2. Жуғыш құрал беру жүйесі арқылы таза суды өткізіп, жүйені жуғыш құралдың қалдықтары толық кеткенге дейін шайыңыз.
3. Егер жуғыш құрал сорғыда немесе беру жүйесінде қалып қойса, бұл аппараттың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Жуғыш химиялық құралдарды пайдалану немесе жуғыш құрал беру жүйесін уақытында шаймау салдарынан сорғының зақымдануы кепілдік жағдайына жатпайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жуғыш затты сору аппарат химиялық затты беруге арналған саптама орнатылған төмен қысым режимінде жұмыс істеген кезде ғана жүзеге асырылады

Сорғыдағы майды ауыстыру

Сорғы зауытта майлау майымен толтырылған.

Майды ауыстыру тек уәкілетті сервистік орталықта сорғыға техникалық қызмет көрсету немесе оны жөндеу кезінде ғана жүргізіледі.

Майды ауыстыру үшін өндіруші ұсынған майды ғана пайдаланыңыз («Техникалық сипаттамалар» бөлімін қараңыз).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Сорғыны өздігінен бөлшектеуге және майды ауыстыруға жол берілмейді. Сорғының құрылымына рұқсатсыз араласу оның зақымдалуына әкелуі және кепілді қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болуы мүмкін

Техникалық қызмет көрсету

Аппараттың сенімді және ұзақ мерзімді жұмысын қамтамасыз ету үшін техникалық қызмет көрсетуді уақытында орындаңыз, сондай-ақ осы пайдалану және сақтау жөніндегі нұсқаулықтың талаптарын сақтаңыз.

Жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер мен жиынтықтаушы бөлшектерді немесе өндіруші ұсынған бөлшектерді ғана пайдаланыңыз.

- Бұрандалы және жылдам ажыратылатын қосылыстарды ластанудан жүйелі түрде тазалап отырыңыз. Резеңке тығыздағыштардың серпімділігін сақтау және қызмет ету мерзімін ұзарту үшін оларды мезгіл-мезгіл силикон майымен майлаңыз.
- Су сүзгісінің жағдайын жүйелі түрде тексеріңіз. Қажет болған жағдайда сүзгі элементін шығарып алып, таза сумен жуыңыз. Қатты ластанған жағдайда жылы сабынды ерітіндіні пайдалануға болады, содан кейін сүзгіні таза сумен мұқият шайыңыз.
- Электрқозғалтқыштың желдету саңылауларын таза ұстаңыз. Олардың ластануына және ішіне судың түсуіне жол бермеңіз. Аппарат жұмыс істеп тұрған кезде желдету саңылауларын жаппаңыз.

- Жоғары қысымды шлангтың, жоғары қысымды пистолеттің және барлық қосылыстардың жағдайын жүйелі түрде тексеріңіз. Зақымданулар анықталған жағдайда ақау жойылғанға дейін аппаратты пайдалануға тыйым салынады.

Аппаратты мезгіл-мезгіл су мен майдың ағуына тексеріңіз. Егер ағу анықталса, ақау жойылғанға дейін аппаратты пайдалануды тоқтатыңыз.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аппарат ұзақ уақыт пайдаланылмаған жағдайда әк шөгінділері пайда болып, қозғалтқыштың айналуын қиындатуы мүмкін. Ұзақ уақыт сақталғаннан кейін іске қосар алдында механикалық зақымдардың жоқтығына, жүйеде судың бар екеніне және электрмен қоректендірудің жарамдылығына көз жеткізіңіз. Егер қозғалтқыш іске қосылмаса, уәкілетті сервистік орталыққа жүгініңіз.

ҚАУІПТІ! Қуат кабелі зақымдалған жағдайда аппаратты пайдалануды дереу тоқтатып, өндірушіге немесе өндірушінің уәкілетті сервистік орталығына хабарласыңыз. Қуат кабелін өздігінен ауыстыруға тыйым салынады, себебі бұл электр тогының соғуына, ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін

Саптаманы тазалау

Форсунканың бітелуі жұмыс қысымының төмендеуіне және аппарат жұмыс істеген кезде пульсацияның пайда болуына әкелуі мүмкін. Форсунканы тазалау үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Аппаратты өшіріп, оны электр желісінен ажыратыңыз.
2. Судың берілуін жабыңыз.
3. Пистолеттің шүріппесін 2–3 рет басып, қысымды түсіріңіз.
4. Бүріккіш саптаманы (найзаны) шешіп алыңыз.
5. Форсунканың тесігін жинаққа кіретін инемен тазалаңыз.
6. Форсунканы таза сумен шайыңыз.
7. Саптаманы қайта орнатыңыз.



6 сур.

Аппаратты сақтау және қатудан қорғау

Егер аппаратты теріс температура жағдайында сақтау жоспарланса немесе ол үш айдан артық пайдаланылмайтын болса, сорғыны қатудан қорғау ұсынылады. Ол үшін сорғы материалдарымен үйлесімді кәдімгі автомобиль антифризін пайдалануға болады.

Кейін аппаратты пайдаланар алдында сорғыдан антифризді толық шығарып, жүйені таза сумен мұқият шайыңыз.

Теріс температурада сақталған аппаратты пайдаланар алдында оны толық жылығанға дейін жылы бөлмеде ұстаңыз.

Тасымалдау

Өнімді тасымалдау кезінде оның құлап кетуіне, соғылуына және басқа да механикалық әсерлерге жол бермеу қажет.

Өнімді өндірушінің қаптамасында немесе қаптамасыз, механикалық зақымданудан, атмосфералық жауын-шашыннан және химиялық белсенді заттардың әсерінен қорғалған жағдайда, жабық көліктің кез келген түрімен тасымалдауға болады.

Тасымалдау кезінде келесі талаптарды сақтаңыз:

- Өнімді аудармаңыз;
- Өнімді қырымен тасымалдамаңыз;
- Өнімді тік күйінен 20°-тан артық еңкейтпеңіз;
- Сынғыш жүктерді тасымалдау қағидаларын сақтаңыз.

Тиеу-түсіру жұмыстары кезінде қаптаманы қысу арқылы жұмыс істейтін жүк көтергіш техниканы (мысалы, рулонды немесе қысқыш тиегіштерді) пайдалануға тыйым салынады, себебі бұл өнімнің немесе оның қаптамасының зақымдануына әкелуі мүмкін.

Кепілдік шарттары

Өндіруші кәсіпорын тұтынушы сақтау, тасымалдау және пайдалану талаптарын сақтаған жағдайда аппаратқа сатылған күннен бастап 12 ай мерзімге кепілдік береді. Кепілдік мерзімі ішінде өндірістік ақаудан туындаған ақаулық анықталған жағдайда жөндеу уәкілетті сервистік орталықта жүргізіледі. Төмендегі жағдайларда кепілдік жөндеу жүргізілмейді және шағымдар қабылданбайды:

- Кепілдік куәлігінде сауда ұйымының мөрі мен сату күні болмаған жағдайда.
- Жабдық тасымалдау немесе пайдалану кезінде зақымданған жағдайда.
- Пайдалану шарттары сақталмаған жағдайда.
- Сақтау мерзімдері асып кеткен немесе сақтау шарттары бұзылған жағдайда.

Сақтау

Өнім табиғи желдетуі бар, жасанды климаттық реттеусіз жабық үй-жайларда сақталуы тиіс. Мұндай үй-жайларда ауа температурасы мен ылғалдылығының ауытқуы ашық ауадағы жағдаймен салыстырғанда едәуір төмен болуы қажет. Сақтау шарттары қоңыржай және суық климаттық аймақтарға қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Сақтау кезінде:

- Өнімді аударуға;
- Өнімді қырымен сақтауға;
- Өнімді тік күйінен 20°-тан артық еңкейтіп сақтауға;
- Өнімді химиялық белсенді заттармен бірге сақтауға тыйым салынады.

Теріс температура жағдайында өнімнің зақымдануын болдырмау үшін ішкі қуыстардағы суды толық шығару немесе өнімді консервациялау қажет.

Ұзақ мерзімге сақтар алдында келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Барлық керек-жарақтарды: пистолетті, бүріккіш түтікті (найза), көбік саптамасын және жоғары қысымды шлангтарды ажыратыңыз. Барлық бөлшектерден суды толық ағызып, оларды құрғатыңыз.
2. Су кірісіндегі сүзгіні шығарып алыңыз, оны таза сумен жуыңыз, кептіріңіз және орнына орнатыңыз немесе бөлек сақтаңыз.
3. Резеңке тығыздағыштарға және жылдам ажыратылатын қосылыстардың ішкі беттеріне силикон майын жағыңыз. Тығыздағыштардың күйін тексеріңіз және қажет болған жағдайда зақымдалған бөлшектерді ауыстырыңыз.
4. Жуғыш құралдарды олардың өндірушісінің ұсынымдарына сәйкес сақтаңыз.

Өнімді консервациялау

Ұзақ мерзімге сақтау алдында өнімді консервациялау ұсынылады.

Ол үшін:

1. Аппаратты су беру жүйесінен ажыратыңыз.
2. Жоғары қысымды шлангты ажыратыңыз.
3. Жоғары қысымды сорғыдағы судың қалдықтарын шығару үшін аппаратты 2–5 секундқа қосыңыз.
4. Су толық шығарылғаннан кейін аппаратты өшіріп, оны электр желісінен ажыратыңыз.
5. Өнімді құрғақ, тікелей күн сәулесінен, атмосфералық жауын-шашыннан және теріс температурадан қорғалған жерде сақтаңыз.

Қызмет ету мерзімі және өнімді кәдеге жарату

Қызмет ету мерзімі

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптары сақталған жағдайда өнімнің белгіленген қызмет ету мерзімі **5 жылды** құрайды.

Қызмет ету мерзімі өнім тұтынушыға сатылған күннен бастап есептеледі. Егер сату күні көрсетілмесе, қызмет ету мерзімі өнімнің өндірілген күнінен бастап есептеледі.

Кәдеге жарату

- Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін өнім қолданыстағы жергілікті заңнама талаптарына сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс.
- Кәдеге жаратпас бұрын өнімді бөлшектеп, оның құрамдас бөліктерін материал түрлері бойынша (металл, пластик, резеңке және т.б.) сұрыптап, кейіннен қайта өңдеуге жіберу ұсынылады.
- Егер бұл қалдықтарды басқару жөніндегі қолданыстағы талаптарға қайшы келсе, өнімді тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға тыйым салынады.
- Техникалық сұйықтықтарды (май, жуғыш құралдар және т.б.) арнайы ыдыстарға жинап, арнайы қабылдау пункттеріне тапсыру қажет. Техникалық сұйықтықтарды кәріз жүйесіне, топыраққа немесе су айдындарына төгуге жол берілмейді.

Ақаулар және оларды жою әдістері

Ықтимал ақаулар	Ықтимал себептер	Жою әдістері
Аппарат желіге қосылған, бірақ қозғалтқыш іске қосылмайды	Қуат кабелі немесе аша зақымдалған	Сервистік орталыққа хабарласыңыз. Зақымдалған кабельді немесе ашаны ауыстырыңыз.
	Кернеу қажетті параметрлерге сәйкес келмейді	Аппаратты қажетті параметрлерге сәйкес келетін электр желісіне қосыңыз.
	Қозғалтқыштың жылулық қорғанысы іске қосылды	Электр желісінің кернеуі талаптарға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Қозғалтқышты шамамен 30 минут суытыңыз, содан кейін аппаратты қайта қосыңыз.

Ықтимал ақаулар	Ықтимал себептер	Жою әдістері
Қосылған кезде қозғалтқыш гүілдейді, бірақ айналмайды	Электр желісінің кернеуі жеткіліксіз	Электр желісінің кернеуі зауыттық тақтайшада және пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген мәндерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
	Сорғы кептелген немесе қатып қалған	Сорғыны тексеріңіз, қажет болған жағдайда іске қосу конденсаторын ауыстырыңыз. Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген ұсыныстарды орындаңыз.
	Қимасы жеткіліксіз ұзартқыш кабель пайдаланылып жатыр	Қажетті қимадағы ұзартқыш кабельді пайдаланыңыз.
Сорғының шуы жоғарылаған	Сорғы ауа сорып тұр	Шлангілер мен қосылыстардың герметикалығын тексеріңіз.
	Клапандар тозған, ластанған немесе кептелген	Клапандарды тазалаңыз немесе уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
	Мойынтіректер тозған	Уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
	Берілетін судың температурасы рұқсат етілген мәннен жоғары	Температурасы +50 °C-тан аспайтын суды пайдаланыңыз.
	Су тазарту сүзгісі ластанған	Сүзгіні тазалаңыз. Қажет болған жағдайда оны жаңасына ауыстырыңыз.
Қысым тұрақсыз немесе қысқа уақыт жұмыс істегеннен кейін төмендейді	Берілетін судың температурасы рұқсат етілген мәннен жоғары	Температурасы +50 °C-тан аспайтын суды пайдаланыңыз.
	Сорғы ауа сорып тұр	Шлангілер мен қосылыстардың герметикалығын тексеріңіз.
	Кірістегі су шығыны жеткіліксіз	Аппараттың техникалық сипаттамаларына сәйкес қажетті су шығынын қамтамасыз етіңіз.
	Поршень манжетасы тозған	Уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
	Клапандар тозған, ластанған немесе кептелген	Уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Ықтимал ақаулар	Ықтимал себептер	Жою әдістері
Аппарат қажетті қысымды дамытпайды	Су беру сүзгісі ластанған	Сүзгіні тазалаңыз. Қажет болған жағдайда оны жаңасына ауыстырыңыз.
	Форсунка ластанған немесе тозған	Форсунканы инемен тазалаңыз (жеткізу жиынтығына кіреді) немесе оны жаңасына ауыстырыңыз.
	Кірістегі су шығыны жеткіліксіз	Аппараттың техникалық сипаттамаларына сәйкес қажетті су шығынын қамтамасыз етіңіз.
	Сорғы ауа сорып тұр	Шлангілер мен қосылыстардың герметикалығын тексеріңіз.
	Өлшемі сәйкес келмейтін саптама орнатылған немесе саптама тозған	Қажетті өлшемдегі саптаманы орнатыңыз немесе оны жаңасына ауыстырыңыз.
	Клапандар немесе серіппелер тозған	Уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
Жуғыш зат өңделетін бетке берілмейді	Жуғыш зат багы ластанған немесе жуғыш заттың кристалданған қалдықтары жиналған	Бакты таза сумен шайыңыз.
	Тым қою жуғыш зат пайдаланылып жатыр	Жуғыш затты өндірушінің ұсынымдарына сәйкес сумен сұйылтыңыз.
Пистолет пен саптамалардан су ағады	Пистолет, саптама немесе тығыздағыш элементтер зақымдалған	Зақымдалған бөлшектерді ауыстырыңыз.

KZ | Өндіруші және импорттаушы: «ТССП Дистрибьюшн» ЖШС, ҚР, Астана қ., Ақжол даңғ., 65 ғим., тел. +7 (7172) 55 44 00, info@alteco.kz. Өнім сапасы бойынша наразылық қабылдайтын мекеме: «ТССП Қазақстан» ЖШС, ҚР, Астана қ., Ақжол даңғ., 65 ғим., тел. +7 (7172) 55 44 00. Қытайда жасалған

Изготовитель и импортер: ТОО «ТССП Дистрибьюшн», РК, г. Астана, просп пр. Ақжол, зд. 65, тел. +7 (7172) 55 44 00, info@alteco.kz. Организация, принимающая претензии по качеству продукции: ТОО «ТССП Казахстан», РК, г. Астана, просп. пр. Ақжол, зд. 65, тел. +7 (7172) 55 44 00

RU | Импортер и организация, принимающая претензии по качеству продукции: ООО «Северный Альянс», РФ, 630020, Новосибирская область, г. Новосибирск, ул. Тамбовская, 41., тел. +7 967 085 46 24, info@altecopt.ru. Сделано в Китае

UZ | Import qiluvchi va mahsulot sifati bo’yicha da’volarni qabul qiluvchi tashkilot: «TSSP» XK MCHJ, O’zbekiston, Toshkent, Bilimdon ko’chasi 12a - uy, tel. +998 90 830 22 60, info@alteco.uz. Xitoyda ishlab chiqarilgan

Дата приема _____

Дата выдачи _____

Особые отметки _____

Заполняется сервисным центром

МП

Отрывной талон

Изделие _____ Серийный номер _____

Дата продажи _____

Дата приема _____

Дата выдачи _____

Покупатель _____

Дата приема _____

Дата выдачи _____

Особые отметки _____

Заполняется сервисным центром

МП

Отрывной талон

Изделие _____ Серийный номер _____

Дата продажи _____

Дата приема _____

Дата выдачи _____

Покупатель _____

Дата приема _____

Дата выдачи _____

Особые отметки _____

Заполняется сервисным центром

МП

Отрывной талон

Изделие _____ Серийный номер _____

Дата продажи _____

Дата приема _____

Дата выдачи _____

Покупатель _____

Производитель оставляет за собой право на внесение изменений в конструкцию, дизайн и комплектацию изделий.

Өндіруші өнімнің конструкциясына, дизайнына және конфигурациясына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Ishlab chiqaruvchi mahsulotlarning dizayni, dizayni va konfiguratsiyasiga o'zgartirishlar kiritish huquqini o'zida saqlab qoladi.

Өндүрүүчү продукциянын конструкциясына, дизайнына жана комплектине өзгөртүүлөрдү киргизүү укугун өзүнө калтырат.